

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 303-V ҚРЗ

2011 жылғы 31 қазанда Ханойда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ВЬЕТНАМ
СОЦИАЛИСТІК
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ТАБЫСҚА САЛЫНАТЫН
САЛЫҚТАРҒА
ҚАТЫСТЫ ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ
САЛЫҚ САЛУДАН
ЖАЛТАРУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

(2015 жылғы 18 маусымда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2015 ж., № 4, 31-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі екі Мемлекет арасындағы экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени байланыстарды нығайтуға және дамытуға ұмтылысты басшылыққа ала отырып, Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім жасасуға ниет білдіре отырып, мыналар туралы келісті:

1-бап

КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҮЛҒАЛАР

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚТАР

1. Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның жергілікті билік органдарының атынан алынатын табысқа салынатын салықтарға оларды алу әдісіне қ а р а м а с т а н қ о л д а н ы л а д ы .

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен айырудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін қызметінің немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жекелеген элементтерінен алынатын салықтардың барлық түрлері табысқа салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Осы Келісім қолданылатын алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар б о л ы п т а б ы л а д ы :

а) Қ а з а қ с т а н д а :
(бұдан әрі «Қазақстан салығы» деп аталатын)

(i) корпоративтік табыс салығы;

(ii) жеке табыс салығы;

б) В ь е т н а м д а :

(бұдан әрі «Вьетнам салығы» деп аталатын)

(i) жеке тұлғалардан табыс салығы;

(ii) кәсіпкерлік қызметтен түсетін табысқа салынатын салық.

4. Осы Келісімге қол қойылған күннен кейін қолданыстағы салықтарға қосымша немесе олардың орнына алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға да осы Келісім қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өз Уағдаласушы Мемлекеттерінің тиісті салықтық ұлттық заңнамаларында болатын кез келген елеулі өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етіп отырады.

3-бап

ЖАЛПЫ АНЫҚТАМАЛАР

1. Егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынада қолданған кезде «Қазақстан» термині оның заңнамасына және халықаралық құқық қағидаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің егемендік құқықтары мен заңды құзырын жүзеге асыра алатын а й м а ғ ы н қ а м т и д ы ;

б) «Вьетнам» термині Вьетнам Социалистік Республикасын білдіреді. Географиялық мағынада қолданған кезде ол оның бүкіл мемлекеттік аумағын,

аралдарын, халықаралық суларын, аумақтық теңізі мен оның үстіндегі әуе кеңістігін, ұлттық заңнама мен халықаралық құқыққа сәйкес оларға қатысты Вьетнам Социалистік Республикасы егемендігін, егемендік құқықтарын және заңды құзырын жүзеге асыратын теңіз түбі мен олардың қыртыстарын қоса алғанда, аумақтық теңіз шегінен тыс жатқан теңіз жағалауын білдіреді;

с) «тұлға» термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін қамтиды;

д) «компания» термині салық салу мақсаттары үшін корпоративтік бірлестік ретінде қарастырылатын кез келген корпоративтік құрылымды немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

е) «Уағдаласушы Мемлекет» және «екінші Уағдаласушы Мемлекет» терминдері түпмәтінге байланысты Қазақстанды немесе Вьетнамды білдіреді;

ф) «Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» және «екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

г) «халықаралық тасымал» термині теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген тасымалды білдіреді;

h) «құзыретті орган» термині мыналарды:

(i) Қазақстанда - Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Вьетнамда - Қаржы министрін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді;

i) «ұлттық тұлға» термині мыналарды:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) өз мәртебесін Уағдаласушы Мемлекеттің қолданыстағы ұлттық заңнамасының негізінде алған кез келген заңды тұлғаны және серіктестікті немесе қауымдастықты білдіреді;

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Келісімнің ережелерін қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпмәтіннен өзге мағына туындамаса, Келісім қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша сол кезде қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады.

4-бап

РЕЗИДЕНТ

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті» термині осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша оның тұрғылықты жері, резиденттігі, басқару орны, құрылу орны, тіркелген жері немесе осындай сипаттағы кез

келген басқа критерий негізінде онда салық салынуға тиіс кез келген тұлғаны білдіреді.

Термин сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті немесе жергілікті билік органдарын қ а м т и д ы .

2. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай т ү р д е а й қ ы н д а л а д ы :

а) ол өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның иелігінде Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті б о л ы п с а н а л а д ы ;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Уағдаласушы Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің р е з и д е н т і б о л ы п с а н а л а д ы ;

с) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол азаматы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің ғ а н а р е з и д е н т і б о л ы п е с е п т е л е д і ;

д) егер резиденттің мәртебесін осы тармақтың а) - с) тармақшаларына сәйкес айқындау мүмкін болмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселені өз ара келісіммен шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, ол өзінің тиімді басқару орны орналасқан Тарап Уағдаласушы мемлекетінің резиденті болып есептеледі.

5-бап

ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «тұрақты мекеме» термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын б і л д і р е д і .

2. «Тұрақты мекеме» термині атап айтқанда мыналарды:

а) б а с қ а р у о р н ы н ;

б) б ө л і м ш е н і ;

с) к е ң с е н і ;

д) ф а б р и к а н ы ;

е) ш е б е р х а н а н ы ;

ф) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымасын, карьерді немесе табиғи ресурстарды өндіретін басқа да кез келген жерді;

g) тауар қоймасын немесе сату орны ретінде пайдаланылатын үй-жайды;
h) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғы немесе құрылғыны немесе соларға байланысты қадағалау қызметтерін немесе бұрғылық қондырғыны немесе табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын кемеңі қамтиды.

3. «Тұрақты мекеме» термині сонымен қатар мыналарды да:

a) құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру жобасын немесе тек егер де мұндай жоба немесе қызметтер 6 айдан астам жалғасып келсе, сондай жағдайда ғана оларға байланысты қадағалау қызметтерін;

b) кәсіпорын, қызметшілері немесе кәсіпорынның осындай мақсаттар үшін жалдаған басқа персоналы арқылы консультациялық қызмет көрсетулерді қоса алғанда, бірақ, тек қана мұндай сипаттағы қызмет (осындай немесе онымен байланысты жоба үшін) Уағдаласушы Мемлекет шегінде жалпы алғанда кез келген 12 айлық кезеңдегі 6 айдан астам уақытты құрайтын кезеңге немесе кезеңдерге жалғасатын болса ғана қызмет көрсетуді қамтиды.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, «тұрақты мекеме» термині мыналарды:

a) құрылыстарды тек кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізіп тұру мақсаттары үшін пайдалануды;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе жеткізіп тұру мақсаттары үшін ұстауды;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ұстауды;

d) тұрақты қызмет орнын тек тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ұстауды;

e) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ұстауды қамтиды деп қарастырылмайды.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер оған осы баптың 7-тармағы қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекетте екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының атынан әрекет етсе, онда бұл кәсіпорын бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте, егер мұндай тұлға:

a) кәсіпорнының атынан әрекет етсе және кәсіпорын атынан келісім-шарттар жасауға өкілеттіктері болса және оны әдетте осы Уағдаласушы Мемлекетте пайдаланса, егер оның қызметі 4-тармақта айтылған қызмет түрлерімен ғана шектелмесе, егер оларды қызметтің тұрақты орны арқылы жүзеге асырса да, бұл қызметтің тұрақты орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмаса; немесе

b) мұндай өкілеттіктері жоқ, бірақ бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте ішінен кәсіпорынның атынан ол тұрақты түрде тауарлар мен бұйымдар жеткізіп отыратын

тауарлардың немесе бұйымдардың қорын ұстайтын болса, осы тұлға кәсіпорын үшін кәсіпкерлік қылатын кез келген қызметке қатысты тұрақты мекемесі бар деп қ а р а с т ы р ы л а д ы .

6. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекеттің сақтандыру ұйымы, қайта сақтандыру бойынша ұйымды болдырмастан, екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар болса, егер ол екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында, сонда отырып, оған осы баптың 7-тармағы қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға арқылы жарна жинаумен шұғылданса немесе тәуекелдерді сақтандырса тұрақты мекемесі бар деп есептеледі.

7. Кәсіпорын осы Уағдаласушы Мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметін делдал, комиссиянер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, егер осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды. Алайда егер мұндай агенттің қызметі толығымен немесе ішінара осы кәсіпорынға арналса, онда ол осы тармақтың мақсаты үшін тәуелсіз мәртебелі агент болып есептелмейді.

8. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы (не тұрақты мекеме арқылы не басқадай жолмен) фактісі осы компаниялардың біреуін өзінен өзі екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6-бап

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысына (ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан алған табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. «Жылжымайтын мүлік» термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша айқындалады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық шикізат кен орындарын, көздерді және басқа да табиғи ресурстарды игеру немесе игеру құқығы үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе тіркелген төлемдерге құқықтарды қамтиды. Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. Осы баптың 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан

жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері де кәсіпорынның жылжымайтын мүлігінен түскен табысқа және тәуелсіз жеке қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен түскен табысқа да қолданылады.

7-бап

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНАТЫН ПАЙДА

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда айтылғандай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда кәсіпорынның пайдасына екінші Уағдаласушы мемлекетте, бірақ мыналарға:

а) осындай тұрақты мекемеге;

б) осы екінші Мемлекетте тұрақты мекеме арқылы сатылатын тауарлар мен бұйымдарға сәйкес немесе ұқсас тауарлар мен бұйымдардың сатылымына; немесе

с) осы екінші Мемлекетте жүзеге асырылатын, өзінің сипаты бойынша осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес немесе ұқсас басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігіне ғана салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте, егер ол оқшау және дербес кәсіпорын болып, осындай немесе ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе ұқсас қызметпен айналысып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде әкімшілік шығыстар тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, басқару және жалпы әкімшілік шығыстарын қоса алғанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол беріледі. Алайда, егер оны тұрақты мекеме кәсіпорынның бас кеңсесіне немесе оның басқа кеңселерінің кез келген біреуіне (шығыстардың орнын толтырудан өзгеше) роялти, қаламақы төлемдері немесе патенттер немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін орнын толтыру ретінде басқа ұқсас төлемдер төлеу жолымен немесе арнайы көрсетілген қызметтер үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық төлем жолымен немесе (банк мекемелерін қоспағанда) тұрақты мекемеге берілген сомаға пайыздар төлеу жолымен төленсе, ондай сомаға қатысты мұндай шегерімге жол берілмейді. Сондай-ақ тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кезінде тұрақты мекеме кәсіпорынның бас кеңсесіне немесе оның басқа

кеңселерінің кез келген біреуіне (шығыстардың орнын толтырудан өзгеше) роялти, қаламақы төлемдері немесе патенттер немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін орнын толтыру ретінде басқа ұқсас төлемдер төлеу жолымен немесе арнайы көрсетілген қызметтер үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық төлем жолымен немесе (банк мекемелерін қоспағанда) кәсіпорынның бас кеңсесіне немесе оның басқа кеңселерінің кез келген біреуіне берілген сомаға пайыздар төлеу жолымен есептелген сомалар есепке алынбайды.

4. Осы бапта ештеңе де осы Мемлекеттің құзыретті органдарының қолындағы бар ақпарат тұрақты мекемеге жатқызылатын пайданы анықтау үшін жеткіліксіз болған жағдайларда, осы баптың қағидаттарына сәйкес заңның құзыретті органдарының қолындағы бар ақпарат мүмкіндік бергендей қолданылу шартымен, тұлғаның салықтық төлемдері бойынша берешегін анықтауға жататын Уағдаласушы Мемлекеттің кез келген ұлттық заңнамасының қолданылуына әсер етпейді.

5. Мемлекетте тұрақты мекемеге жатқызылатын пайданы кәсіпорын пайдасының жалпы сомасын оның әртүрлі бөлімшелері арасында тепе-тең бөлу негізінде қалай анықталуына қарай, осындай Мемлекетке осылай етіп бөлу арқылы салық салынатын пайданы анықтауға осы баптың 2-тармағында ештеңе де кедергі болмайды; тепе-тең бөлудің таңдалған әдісі осы бапта қамтылған тиісті қағидаттарға сәйкес нәтижелерді беруі тиіс.

6. Егер пайда осы Келісімнің басқа баптарында жеке айтылатын табыстардың түрлерін қамтыса, онда бұл баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

7. 1 - 6-тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептері болмаса жылдан жылға біркелкі тәсілмен анықталады.

8-бап

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАРДАН ТҮСЕТІН КІРІС

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері пулға, көлік құралдарын пайдалану жөніндегі бірлескен кәсіпорынға немесе халықаралық ұйымға қатысудан алынатын пайдаға да қолданылады.

9-бап

ҚАУЫМДАСҚАН КӘСПОРЫНДАР

1. Егер :

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама

т ү р д е

қ а т ы с с а ,

н е м е с е

б) бірдей тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса, және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше, салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы екінші Мемлекетте салық салынған пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосса әрі тиісінше, салық салса және осы екінші Мемлекет осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелетін пайда болатындығына келіссе, егер екі кәсіпорынның арасындағы өзара қатынастар тәуелсіз кәсіпорындардың арасында болатын қатынастардай болса, онда осы екінші Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзету жасайды. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа да ережелері ескерілуі тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-бірімен консультация жүргізіп отыруға тиіс.

10-бап

ДИВИДЕНДТЕР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай дивиденд төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте мұндай дивидендтерге салық салынуы мүмкін және осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осындай ж о л м е н а л ы н а т ы н с а л ы қ :

(а) егер іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компанияның дауыс беретін акцияларының кемінде 70 пайызына тікелей иелік ететін компания болып табылса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 пайызынан;

(б) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 пайызынан а с п а у ы т и і с .

Осы тармақтың ережелері дивидендтер төленетін пайдаға қатысты компанияға с а л ы қ с а л у д ы қ о з ғ а м а ғ ы д ы .

3. «Дивидендтер» термині осы бапта пайдаланған кезде акциялардан, борыштық талаптар болып табылмайтын акциялардан немесе құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс сияқты дәл сондай салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер дивидендтердің Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және төленіп жүрген дивидендтерге қатысты холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, 1 және 2-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7 немесе 15-баптарының ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алатын болса, осы екінші Мемлекет мұндай дивидендтер осы екінші Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен шын мәнінде байланысты болатын жағдайды қоспағанда, компания төлейтін дивидендтерді салықтан босата алады, егер тіпті төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда толығымен немесе ішінара осы екінші Мемлекетте пайда болған табыстан құралса да, компанияның бөлінбеген пайдасына бөлінбеген пайда салығы салынбайды.

6. Осы Келісімде Уағдаласушы Мемлекетке осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын компанияның пайдасына есептелетін салыққа қосымша, осылайша есептелген кез келген қосымша салық мұның алдындағы салық салынатын жылдары осындай қосымша салық салуға ұшырамаған табыс сомасының 5 пайызынан аспайтын жағдайда, осы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге жататын компанияның пайдасына арнайы салық салуға ешнәрсе тосқауыл бола алмайды деп пайымдалмайды. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда одан тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте алынатын, осы тармақта аталған қосымша салықтан өзге барлық салықты шегеріп тастағаннан кейін анықталады.

11-бап

ПАЙЫЗДАР

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай пайыздарға олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және

осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер пайыздардың нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық пайыздардың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауы тиіс.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан:

а) Қазақстанда пайда болатын процентке, егер пайыздар:

(i) Вьетнам Үкіметіне немесе оның жергілікті билік органдарына;

н е м е с е

(ii) Вьетнамның Мемлекеттік Банкіне немесе кез келген басқа мемлекеттік банкке;

н е м е с е

(iii) Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының арасындағы келісім бойынша Вьетнам Үкіметіне толық тиесілі кез келген басқа институттарға төленсе, тек Вьетнамда ғана салық салынады.

б) Вьетнамда пайда болатын процентке, егер пайыздар:

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе оның жергілікті билік органдарына ;

н е м е с е

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне немесе кез келген басқа мемлекеттік банкке ;

н е м е с е

(iii) Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының арасындағы келісім бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне толық тиесілі кез келген басқа институттарға төленсе, тек Қазақстанда ғана салық салынады.

4. «Пайыздар» термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген, борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін қандай да болсын борыштық талаптардан алынатын табысты және атап айтқанда, үкіметтік немесе Мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар және міндеттемелер бойынша төленетін сыйлықтар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақтылы төленбегені үшін айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін пайыздар ретінде қаралмайды.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын пайыздардың іс жүзіндегі иесі пайыздар пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базасынан өзінің тәуелсіз жеке қызметтерін көрсетсе және өзіне қатысты пайыздар төленетін борыштық талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базасына немесе тауарлар немесе бұйымдарды сатуға, немесе алдында 7-баптың а)-дан с)-ға дейінгі тармақшаларында аталған кәсіпкерлік қызметке қатысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы 7 немесе 15-баптарының ережелері қолданылады .

6. Егер төлеуші осы Тараптың Мемлекеті болып табылса, пайыздар Уағдаласушы

Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер пайыздарды төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатынына-табылмайтынына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайыздар төленетін берешек пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және пайыздарды осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлесе, онда мұндай пайыздар тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

7. Егер пайыздар төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен оның негізінде төленетін борыштық талапқа қатысты пайыздардың сомасы пайыздар төлеуші мен олардың нақты иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісіле алатындай сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы тиіс.

12-бап

РОЯЛТИ

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер роялтидің нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осындай тәсілмен алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс.

3. «Роялти» термині осы бапта пайдаланылған кезде бағдарламалық қамтамасыз студі, кинематографиялық фильмдерді қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылым шығармаларына, кез келген патентке, сауда таңбасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске, кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе осындай құқықты пайдалануға бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпараттар үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез келген түрін білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің іс жүзіндегі иесі роялти пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе сонда тұрған тұрақты базасынан тәуелсіз жеке қызметін көрсетсе, және оларға қатысты роялти төленетін

құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен немесе тауарлар немесе бұйымдарды сатуға, немесе алдында 7-баптың а)-дан с)-ға дейінгі тармақшаларында аталған кәсіпкерлік қызметке қатысты болса, байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда жағдайға қарай, осы Келісімнің 7 немесе 15-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын-табылмайтындығына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оған байланысты роялти төлеу міндеттемесі пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай роялтиді осы тұрақты мекемеге немесе тұрақты базасы төлесе, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болу салдары негізінде төленетін пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісуге болатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімінің басқа ережелерін тиісті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынады.

13-бап

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ СЫЙАҚЫ

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің көздерінен оның іс жүзіндегі иесі болып табылатын екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған және осы екінші Мемлекетте салық салынуға жататын резидентіне техникалық қызметтерге сыйақыға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте техникалық қызметтерге сыйақының жалпы сомасының 15 пайызынан аспайтын мөлшерлеме бойынша салық салынуы тиіс.

2. «Техникалық қызметтерге сыйақы» термині осы бапта пайдаланылған кезде техникалық, басқару немесе консультациялық сипаттағы кез келген қызметтерге төленетін сыйақы ретінде төлем жүргізетін қызметші тұлғаға қарағанда өзге кез келген тұлғаға төлемнің кез келген түрін білдіреді.

3. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, техникалық қызметтерге сыйақының нақты иесі техникалық қызметтерге сыйақы пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме немесе тұрақты база арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді көрсетсе және техникалық қызметтерге сыйақы шын мәнінде

осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға байланысты болса, 1-тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, 7-баптың немесе 15-баптың ережелері қолданылады.

4. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, техникалық қызметтерге сыйақы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп саналады. Алайда, егер техникалық қызметтерге сыйақы төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, жоқ па оған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте техникалық қызметтерге сыйақы төлеу міндеттемесі пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай техникалық қызметтерге сыйақы бойынша шығыстарды осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтерсе, онда мұндай жағдайда, техникалық қызметтерге сыйақы тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп саналады.

5. Егер техникалық қызметтерге сыйақы төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болу салдары төленген техникалық қызметтерге сыйақының сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде төлеуші мен оның нақты иесі келісуге болатындай сомадан қандай да бір себептер бойынша асып кетсе, онда осы баптың ережелері соңғы айтылған сомаға қолданылады. Мұндай жағдайда, төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін міндетті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамаларына сәйкес салық салынуға тиіс.

14-бап

МҮЛКТІ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУДАН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағында анықталған және екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан, активтері тікелей немесе жанама толық немесе негізінен жылжымайтын мүліктен тұратын компанияның акцияларын немесе салыстырмалы пайыздарын иеліктен шығарудан алған табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған, қатысуды білдіретін, Уағдаласушы мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның капиталында кемінде 25 пайызды құрайтын өзге акцияларды иеліктен шығарудан алған табысқа осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынатын немесе тәуелсіз жеке қызмет көрсету мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы мемлекеттегі Уағдаласушы мемлекет

резидентінің иелігінде тұрған жылжымалы мүліктен алынатын табыстарға, мұндай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) немесе мұндай тұрақты базаны иеліктен шығарудан алынатын мұндай табыстарды қоса алғанда, осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. Халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынған табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

6. Алдыңғы тармақтарда айтылғаннан өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табыстарға мүлікті иеліктен шығарушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

15-бап

ТӘУЕЛСІЗ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕРДЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті кәсіби қызметтерден немесе тәуелсіз сипаттағы басқа қызметтерден алған табыстарға осы Мемлекетте ғана салық салынады, мұндай табысқа екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін мына жағдайларды қоспағанда:

a) егер оның осы қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы мемлекетте оның иелігінде тұрған тұрақты базасы болса; мұндай жағдайда табыстың тек осы тұрақты базаға жататын бөлігіне ғана екінші Уағдаласушы мемлекетте малық салынуы мүмкін;

b) егер ол тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиынтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы екінші Уағдаласушы Мемлекетте болса; мұндай жағдайда екінші Мемлекеттегі оның қызметінің нәтижесінде алған табысының бөлігіне ғана осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Мұндай жағдайда, қызметтерге байланысты табысқа кәсіпкерлік пайданы айқындау және кәсіпкерлік пайданы оның тұрақты мекемесіне жатқызу үшін осы Келісімнің 7-бабында қамтылған принциптерге ұқсас принциптерге сәйкес осы екінші мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіби қызметтер" термин, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдебиеттік, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, тіс дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметін қамтиды.

16-бап

ТӘУЕЛСІЗ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

1. Осы Келісімнің 17, 19 және 20-баптарының ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға, егер тек жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған сыйақыға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалданып жұмыс істеуіне байланысты алған сыйақыға салық, егер:

а) алушы тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиынтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы осы екінші М е м л е к е т т е б о л с а ;

б) сыйақыны екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе жалдаушының атынан төленсе; және

с) сыйақы төлеу жөніндегі шығыстарды жалдаушының екінші Мемлекеттегі тұрақты мекемесі төлемесе, тек аталған Мемлекетте ғана салынады.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалданып істейтін жұмысқа қатысты алынған сыйақыға теңіз немесе әуе кемесін пайдаланушы кәсіпорын резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ҚАЛАМАҚЫЛАРЫ

Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың қаламақыларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

АРТИСТЕР МЕН СПОРТШЫЛАР

1. Осы Келісімнің 15 және 16-баптарының ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекет резидентінің театр, кино, радио немесе телевидение артисі немесе музыкант сияқты өнер қызметкері ретінде, немесе спортшы ретінде оның екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметінен алатын табысқа осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе спортшы өзінің осы сапасында жүзеге асыратын жеке қызметінен алатын табыс өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес басқа адамға есептелмесе, мұндай табысқа осы Келісімнің 7, 15 және 16-баптарына

қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

19-бап

ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР МЕН АННУИТЕТТЕР

1. 20-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне бұрынғы жүзеге асырған жұмысы үшін төленетін зейнетақылар мен басқа да осыған ұқсас төлемдерге және кез келген аннуитеттерге осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. «Аннуитеттер» деген термин кезеңдік, белгілеген мерзімде, өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңінде төлемдер жүргізу міндеттемесіне сәйкес бара бар және толық ақшалай немесе құндық мәнінде орнын толтыруға төленетін белгіленген сома дегенді білдіреді.

20-бап

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

1. а) Жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекет, орталық орган, саяси бөлімше немесе жергілікті билік органы осы Мемлекет, орталық орган саясат бөлімше немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін төлейтін қызметақыға, жалақыға және зейнетақыдан өзге осыған ұқсас сыйақыға осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай қызметақыға, жалақыға және өзге осыған ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және осы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

i) осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылса; немесе
ii) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаса, тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Жеке тұлғаға осы Мемлекет, орталық орган, саяси бөлімше және жергілікті билік органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін Уағдаласушы Мемлекет, орталық орган, саяси бөлімше немесе жергілікті билік органы төлейтін немесе олар құрған қорлардан төленетін кез келген зейнетақыға осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда, мұндай зейнетақыға, егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болып табылса, тек екінші Мемлекетте ғана салық салынады.

3. Осы Келісімнің 16, 17, 18 және 19-баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекет, орталық органы, саяси бөлімше және жергілікті билік органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты қызметақыға, жалақыға және өзге осыған ұқсас сыйақылар мен зейнетақыларға қолданылады.

21-бап

СТУДЕНТТЕР МЕН ПРАКТИКАНТТАР

1. Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келер алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және алғашқы аталған Мемлекетке тек білім алу немесе практикадан өту мақсатында келген студент немесе практикант өзін ұстау, білім алу немесе практикадан өту мақсатында алатын сомаларға осы сома көздері осы Мемлекеттен тысқары жерде болғандықтан осы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Осы Келісімнің 15 және 16-баптарының ережелеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте студенттер мен практиканттар көрсеткен қызметтерге сыйақы бұл қызметтер оның оқуымен және практикасымен байланысты болған жағдайда осы Мемлекетте салық салудан бостылады.

22-бап

ОҚЫТУШЫЛАР, ПРОФЕССОРЛАР МЕН ЗЕРТТЕУШІЛЕР

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке келер алдында екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекетте негізінен оқыту, дәріс оқу немесе алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі аккредиттеген осы Мемлекеттің білім ұйымдарында немесе ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында тұрып жатқан жеке тұлға алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекетке бірінші келген күннен бастап екі жыл бойы алғашқы аталған Уағдаласушы Мемлекетте оқытқаны, дәріс оқығаны немесе ғылыми зерттеу жүргізгені үшін сыйақыға қатысты салық салудан босатылады.

23-бап

БАСҚА ДА ТАБЫСТАР

1. Осы Келісімнің алдыңғы баптарында айтылмаған Уағдаласушы Мемлекет резидентінің табыс түрлерінің пайда болу көзіне қарамастан оларға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табыстарға, егер мұндай табыстарды алушы бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола тұра, екінші Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда тұрған тұрақты база арқылы тәуелсіз жеке қызметтерін көрсетсе және табыс төлемі жүргізілген құқығы немесе мүлігі іс жүзінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1-тармақтың ережелері

қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7 немесе 15-бабының ережелері
ж а й - ж а п с а р ғ а қ а р а й қ о л д а н ы л а д ы .

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан осы Келісімнің алдыңғы баптарында айтылмаған екінші Мемлекеттегі көздерден шыққан және екінші Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған табыс түрлеріне де сол сияқты осы екінші Мемлекетте салық салынады.

24-бап

ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ ЖОЮ

1. Қазақстанның жағдайында қосарланған салық салу былайша жойылады:

Егер Қазақстанның резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Вьетнамда салық салынуы мүмкін табыс алса, Қазақстан осы резиденттің табысына салынатын салықтан Вьетнамда төленген табыс салығына баламалы соманы шегеріп тастауға мүмкіндік б е р е д і .

Жоғарыда келтірілген ережеге сәйкес шегерілетін салықтар мөлшері Қазақстанда қолданыстағы ставкалар бойынша осындай табысқа есептелуі мүмкін салықтан аспауы т и і с .

Егер Қазақстан резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Вьетнамда ғана салық салынуы мүмкін табыс алса, Қазақстан осы табысты Қазақстанда салық салынатын осындай басқа салыққа салынатын салық ставкасын белгілеу мақсаты үшін ғана салық с а л у б а з а с ы н а қ о с а а л а д ы .

2. Вьетнамның жағдайында қосарланған салық салу былайша жойылады:

Егер Вьетнам резиденті Қазақстанның Ұлттық заңнамасына сәйкес және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Қазақстанда салық салынуы мүмкін табыс, пайда немесе капиталдың құнына өсім алса, Вьетнам табысқа, пайдаға немесе капиталдың құнына өсімге салынатын салықтан шегеру ретінде осы резидент табысына салынатын салықтан Қазақстанда төленген табыс салығына тең соманы шегеру ретінде мүмкіндік береді. Шегерім сомасы, алайда, Вьетнамның ұлттық заңнамасы мен қағидаларына сәйкес есептелетін болған болса, осындай табысқа, пайдаға немесе капиталдың құнына өсімге салынатын вьетнамдық салықтың сомасынан артық болмауы тиіс.

Егер Вьетнам резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Қазақстанда ғана салық салынатын табыс алса, Вьетнам бұл табысты салық салу базасына енгізе алады, бірақ Вьетнамда салық салынатын осындай басқа табысқа салынатын салықты белгілеу мақсаттарына ғана енгізе алады.

25-бап

КЕМСІТПЕУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласушы Мемлекетте кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемелерге, дәл сондай жағдайларда осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан және оған байланысты міндеттемелерден өзгеше немесе неғұлым ауыртпалықты салық салу болып табылатын кез келген міндеттемеге ұшырамайды.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иеленетін тұрақты мекемеге салық салу осы екінші Мемлекеттің осыған ұқсас қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы екінші Мемлекетте қолайсыз болмауы тиіс. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне салық салу мақсаттары үшін азаматтық мәртебе немесе отбасылық міндеттері негізінде ол өзінің резиденттеріне беретін кез келген жеке салықтық жеңілдіктер, босатулар мен шегерімдер беруге міндеттейтіндей болып талқыланбауы тиіс.

3. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақылауында болатын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары алғашқы айтылған Мемлекетте салық салуға немесе алғашқы аталған Мемлекеттің басқа ұқсас кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салу мен онымен байланысты міндеттемелерге қарағанда онымен өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салу немесе онымен байланысты кез келген міндеттемелерге алғашқы айтылған Мемлекетте ұшырамауы тиіс.

4. Осы баптың ережелері осы Келісімнің мәні болып табылатын салықтарға ғана қолданылады.

5. Осы баптың ережелеріне қарамастан, Вьетнамдағы шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық заңнамаға сәйкес Вьетнам инвесторларға лицензия беруді жалғастырып жатқанда инвестор ұшырайтын салық салуды айқындайтын мұндай салық салуды белгілеу осы баптың 2 және 3-тармақтарының шарттарын бұзу ретінде қарастырылмайды.

26-бап

ӨЗАРА КЕЛІСУ РӘСІМІ

1. Егер, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғып отыр немесе әкеп соғады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш осы Келісімнің ережелеріне сәйкес

келмейтін салық салуға әкеп соқтыратын іс-әрекеттер туралы алғашқы хабарлама берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Тараптың құзыретті органы, егер ол өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешу үшін барлық мүмкіндікті қолданады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларында көзделген кез келген уақыттың шектелуіне қарамастан орындалатын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмәнді өзара келісім бойынша шешу үшін барлық мүмкіндіктерді қолданады. Олар сол сияқты Келісімде көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен а қ ы л д а с а а л а д ы .

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары алдыңғы тармақтарды түсінуде келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланысқа түсе алады.

Құзыретті органдар ақылдасу арқылы осы бапта көзделген өзара келісу рәсімін жүзеге асыру үшін тиісті екіжақты рәсімдерді, шарттарды, әдістер мен тәсілдерді дамытады. Оған қоса, құзыретті орган жоғарыда көрсетілген екіжақты іс-қимылдарды және өзара келісу рәсімін жеңілдету үшін тиісті біржақты рәсімдерді, шарттарды, әдістер мен тәсілдерді әзірлей алады. Егер келісімге қол жеткізу үшін ауызша пікір алмасуды ұйымдастыру орынды болса, мұндай пікір алмасу құзыретті органдардың өзара келісімі бойынша Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын арнайы Комиссия отырысы шеңберінде жүргізіле алады.

27-бап

АҚПАРАТ АЛМАСУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы осы Келісімнің ережелерін немесе осы Келісімге осы ұлттық заңнама бойынша салық салу қайшы келмейтіндей дәрежеде осы қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларын орындауға қажетті, атап айтқанда, алдаушылық пен осындай салықтардан жалтаруды болдырмау үшін ақпаратпен алмасады. Ақпарат алмасу осы Келісімнің 1-бабымен шектелмейді.

2. Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы шеңберінде алынған ақпарат сияқты, құпия болып саналады және бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот-қудалауымен немесе салықтарға қатысты апелляцияларды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана хабарланады. Осындай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады.

Олар осы ақпаратты ашық сот отырысы барысында не сот шешімдерін қабылдаған кезде аша алады. Құзыретті органдар ақылдасу арқылы салық салудан қашуға қатысты ақпарат алмасу жүргізілетін мәселелерге қатысты тиісті шарттарды, әдістер мен тәсілдерді дамытады.

3. Қандай жағдайда болмасын осы баптың 1-тармағының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын алдын ала қолдануды;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беруді;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы Мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілуге жатпайды.

4. Егер ақпаратқа Уағдаласушы Мемлекет осы бапқа сәйкес сұрау салса, екінші Уағдаласушы мемлекет оның жинақталған ақпаратын тіпті екінші Мемлекет өзінің жеке салық мақсаттары үшін осындай ақпаратқа мұқтаж болмаса да пайдаланады. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттемеге осы баптың 2-тармағымен шектеу салынады, бірақ ешқашан осындай шектеу Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ешқандай ішкі мүддесінің болмағандығынан ғана, ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде қарастырылмайды.

5. Ешқандай жағдайда осы баптың 3-тармағының ережелері ақпараттың иесі банкте, басқа қаржы мекемесі, номиналдық ұстаушы немесе сенімді тұлға немесе агент ретінде түсетін тұлғада болып табылатын себептер бойынша немесе ақпарат тұлғаның меншік құқығына жату себебі бойынша Мемлекетке ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде қарастырылмайтын болады.

28-бап

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІКТЕР МЕН КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Осы Келісімдегі ештеңе де осындай артықшылықтар халықаралық құқықтың жалпы нормаларымен немесе уағдаласушы мемлекет қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарының ережелеріне сәйкес берілген дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер қызметкерлерінің салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

29-бап

КҮШНЕ ЕНУІ

Тараптар бір бірін дипломатиялық арналар бойынша Уағдаласушы мемлекеттердің ұлттық заңнамалары бойынша осы Келісім күшіне енуі үшін қажет рәсімдердің аяқталуы туралы жазбаша хабарлайды. Осы Келісім соңғысы Уағдаласушы Мемлекеттер осы Келісім күшіне енуі үшін қажет рәсімдерді орындағаны туралы жазбаша хабарламаны алған күннен отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Келісімнің ережелері:

а) Қазақстанда:

(i) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылғы бірінші қаңтардан бастап немесе кейін төленетін немесе есептелетін сомаларға қатысты көзден ұсталатын салықтарға; және

(ii) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылғы бірінші қаңтардан бастап немесе кейін басталатын салықтық кезеңдерге қатысты басқа салықтарға;

б) Вьетнамда:

(i) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылғы бірінші қаңтардан бастап немесе кейін төленетін немесе есептелетін салық салынатын сомалар көздерінен ұсталатын салықтарға қатысты; және

(ii) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылы пайда туындаған табыстарға, пайдаға немесе құнға өсімге салынатын басқа салықтарға қатысты қолданылады.

30-бап

ҚОЛДАНЫЛУЫН ТОҚТАТУ

1. Кез келген Уағдаласушы Мемлекет Осы Келісім күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең өткеннен кейінгі кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуына кемінде алты ай қалғанда қолданылуын тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлама жібере отырып, Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда

Келісім:

а) Қазақстанда:

(i) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылғы бірінші қаңтардан бастап немесе кейін төленетін немесе есептелетін сомалар бойынша көздерден ұсталатын басқа салықтарға қатысты; және

(ii) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылғы бірінші қаңтардан бастап немесе кейін басталатын салық салынатын кезеңдегі басқа салықтарға қатысты салынатын салықтарға қатысты;

б) Вьетнамда:

(i) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылғы бірінші қаңтардан бастап немесе кейін төленетін немесе есептелетін салық салынатын сомалар бойынша көздерден ұсталатын басқа салықтарға қатысты; және

(ii) қолданылуын тоқтату туралы хабарлама жіберілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылы туындайтын табыстарға, пайдаға немесе құнға өсімге салынатын басқа салықтарға қатысты өзінің қолданылуын тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін тиісті дәрежеде өкілеттік берілген төмендегі қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2011 жылғы 31 қазанда Ханой қаласында қазақ, орыс, вьетнам және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Талқылануында алшақтықтар туындаған кезде ағылшын тіліндегісі айқындаушы болып табылады.

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҮКІМЕТІ ҮШІН
ҮШІН*

*ВЬЕТНАМ СОЦИАЛИСТИК
РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІ*

2011 жылғы 31 қазанда Ханой қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық - құқық
департаментінің*

Басқарма бастығы

Д. Есентаев

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Келісімнің вьетнам және ағылшын тілдеріндегі мәтіні берілген.